

**ҒЫЛЫМИ ӨМІР
SCIENTIFIC LIFE
НАУЧНАЯ ЖИЗНЬ**

Т. Хазретәлі, О. Нұрлан

Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

**ҚАЗАҚ АШАРШЫЛЫҒЫНА
БЕЙТАРАП КӨЗҚАРАС ҰСЫНҒАН ЗЕРТТЕУ
(Сара Камеронның «Аштық жайлаған дала»: ашаршылық,
озбырлық және Кеңестік Қазақстанды орнату» кітабына рецензия)**

Пікір айтылып отырған басылым ағылшын тілді тарихнамада Қазақ ашаршылығын арнайы тақырып етіп зерттеген алғашқы еңбек. Сонымен бірге осы тақырыпта қазақ тіліне алғашқы аударылған еңбек екендігін атап айтамыз. Тосын ғылыми тұжырымдармен ерекшеленетін зерттеудің түпнұсқасы мен аудармасына салыстырмалы талдау жасау Отан тарихындағы аса қасіретті құбылысқа бейтарап көзқараспен жасалған тұжырымның мәнін ашуға ықпал етеді деп білеміз.

Қазақ даласында кеңестік биліктің реформалары салдарынан орын алған 1921-1923 және 1931-1933 жылдардағы ашаршылық жайлы отандық тарихнамада орныққан ғылыми тұжырымдарды жаңалайтын немесе оған сын көзімен қарайтын шетелдік автордың зерттеуінде бізді қызықтыратын ең басты құндылық – оның методологиялық ұстанымы мен зерттеу тәсілдері болмақ. Зерттеуді қазақ тіліне аударып оның жарық көруіне бастамашы болған саясаттанушы Досым Сәтпаев 2018 жылдың қазан айында АҚШ Сенаты 1932-1933 жж. Украина ашаршылығының 85 жылдығына байланысты қарар қабылдағанын, алайда ол құжатта Қазақстанда орын алған ашаршылық жайлы ештеңе айтылмағандығын, осы трагедияның себеп-салдары туралы теріс түсініктер орын алып отырғандықтан да осы зерттеу қазақ тіліне аударылғандығын жазады. Осы тұрғыдан алғанда Сара Камерон Батыс тарихшыларының ішінде қазақ ашаршылығының Украин Голодоморынан артық болмаса кем болмағанын, ал тигізген зардаптары жағынан одан да қорқынышты болғанын ашық түрде жариялап, АҚШ Конгресін назар аударуға шақырған алғашқы ғалым болды. Оның зерттеуінің ба-

сты маңызы – барынша объективті көзқарас ұстанып, қазақ ашаршылығын ғасырдың ұлы трагедияларының бірі ретінде танылуын талап етуінде.

Ашаршылық қасіретінің ең басты өлшемі адам шығыны екендігі белгілі. Автор осы ұстанымды басшылыққа алып, бұқаралық сипат алған ашаршылық 1,5 млн адамның өмірін жалмады, бұл сан республика тұрғындарының төрттен бірін құрайтын еді, нәтижесінде континенттік Еуропаның аумағындай жер қаңырап бос қалды [2, Б.2] деп отандық тарихнамадағы нақтылана қоймаған тұжырымға күмәнмен қарап, ашаршылықтың құрбандарының нақты саны алдағы уақытта нақтыланатындығына сенім артады.

Автордың тұжырымында ашаршылықта республикадағы қазақтардың 40 пайызы қырылды. Жалпы республикадағы ашаршылық құрбандарының 90 пайызын қазақтар құрағандығын, ашаршылықтың кесірінен қазақтар ұлтының басым бөлігінен айырылып, бұл көрсеткіште украиндықтардан да асып түскендігін жазады. Кейбір зерттеушілер украиндықтар қасіретінің «теңдессіздігін алға тартып, қазақтар сияқты басқа ұлттардың қасіретін азайтып көрсетіп, тіпті ескермеуге тырысқанымен Қазақстандағы ашаршылықтың этникалық сипат алғандығы туралы тұжырым жасайды» [2, Б.6].

Автор Батыс елдерінде қазақ ашаршылығын зерттеген ғылыми жұмыстардың жоқтығын, ондай «үнсіздіктің» мынадай себептерін айтады: біріншіден, 1920-1930 жж. Украинадағы ашаршылыққа Батыс жұртшылығының назарын аударған Уэлстік журналист Гаррет Джонс сияқты саяхатшылардың Қазақстанға келмегендігі; екіншіден, бастыстағы аз санды қазақ диаспорасы тарапынан украиндықтар

сияқты белсенді әрекеттің болмағандығы [2, Б.8]. Автордың назарына 1921-1923 жж. Мұстафа Шоқайдың Еуропа басылымдарында Қазақстандағы ашаршылық туралы жазған мақалалары ілінбегендігін айтуымыз керек. Ал екінші мәселе бойынша украиндық диаспора белсенді қызмет жасаған «қырғи-қабақ соғыс» кезінде Батыстағы қазақ диаспорасы саяси күреске араласқан жоқ еді.

Сара Камерон Қазақстан өкіметі ашаршылықты геноцид деп танығанымен жүргізілген зерттеулерде кеңестік тарихшылардың ашаршылыққа қатысты қалыптасқан теорияларды сәл ғана өзгерістермен қолдануы «голощекиндік геноцид» тұжырымын қалыптастырғандығын айтады [2, Б.8]. Оның үстіне, Қазақстан Үкіметінің ашаршылық туралы қоғамдық талқылаудан мүлдем бас тартуы да ашаршылық тақырыбының зерттеушілер назарына ұзақ уақыт бойы ілінбеуіне әсерін тигізген [2, Б.6].

Автор ашаршылыққа ұрындырған реформаларды іске асыруда кеңестік биліктің қолданған әдіс-тәсілдерін де жіктейді. Оның тұжырымында билік қазақтарды бір-біріне айдап салу, кімнің бай, кімнің кедей екендігін өздеріне анықтату, астық, ет дайындауда асыра сілтеуге қасақана жол беру, бас көтерулерді басып-жаншуға қазақтардың өздерін пайдалану түрінде қолданған деген авторлық тұжырымды деректік негізде алға тартады.

Зерттеуші қазақ ашаршылығының себептері қандай болды? деген сауалға да жауап іздестіреді. Ашаршылықтың басты себебі ретінде қазақ ашаршылығына да мемлекетті ет және астықпен қамтамасыз ету науқанымен қатар күштеп жүргізілген кеңестік ұжымдастыру екендігіне назар аударып отырып, егін екпейтін көшпелілерге астық салығын салу, соның салдарынан малдарын астыққа айырбастау арқылы қолдағы малынан айрылу; астық бағасы шарықтап өсіп, малдың тауарлық құны төмендеуі де астық салығының ауыртпалығын еселеп жіберген. Қазақ ашаршылығының басты себебі сталиндік саясат болғанымен ХІХ ғ. соңы мен ХХ ғ. бас кезінде Ресейдің империялық саясатымен қазақ жеріне орыс шаруаларының қарқынды қоныстануы да дәстүрлі шаруашылық жүйесіне ашаршылыққа алып ұрындыратын ауыр соққы болғандығымен байланыстырады.

Ғалымның «Мәскеудің мемлекеттік отырықшыландыру саясаты Қазақ Ашаршылығының негізгі себебі болмады» [2, Б.17] деген тұжырымын ресми отырықшыландыру бағдарламасы аз қаражат бөлінгендіктен сәтсіздікке ұшырады

деген тұжырым ұсынады. Алайда, ұжымдастыру науқанымен қатар жүргізілген шамадан тыс ет пен астық салығы ресми отырықшыландыру саясаты жете алмаған мақсатқа оңай жеткізді: барлық малдарынан айырылған қазақтар жоқшылық әсерінен көшпенді өмір-салтынан толықтай айрылып қалды.

Сонымен бірге отырықшы аймақтарға қарағанда мал шаруашылығымен айналысатын халық ретінде қазақ ашаршылығының өзіндік ерекшелігі болды деген тұжырым жасайды. Ол ерекшеліктер қатарында қазақ елінің біршама артта қалған тұрмысы апаттың зардаптарын бірнеше еселеп арттырып жіберді. Қарқынды мемлекеттік модернизация бағдарламасын жүзеге асырып жатқан Мәскеу билігі денсаулық сақтау саласы мамандарының республикада қазіргі заманғы денсаулық сақтау қызметінің жоқтығын ескерте отырып, денсаулық сақтау саласы мен екпе жұмыстарына көбірек қаражат бөлулерін сұраған дабылына құлақ аспағандығынан [2, Б.17] аштық басталысымен жұқпалы аурулар тарап, көптеген қазақтар осы аурулардан көз жұмды, бұл жайт Қазақ Ашаршылығы үшін Кеңестер Одағының батысындағы апаттарға қарағанда анағұрлым маңыздырақ рөл атқарады, ол жақта медициналық қызметтердің деңгейі жоғарырақ болды, ал құрбандардың көбі нақты аштықтан өлген еді деген салыстырмалы бағасы орынды. Автордың Қазақстанда, керісінше, жұқпалы аурудан көз жұмғандар қатары көп болды деген болжамы деректік негіздеуді қажет етеді.

Сара Камеронның қазақ жеріндегі ашаршылықты кезеңдеуге қатысты тұжырымдары да қызықты болып келеді. Оның тұжырымында Ресей империясының бірінші дүниежүзілік соғысқа араласуы қазақ даласында 10 жылға созылған экономикалық және әлеуметтік дағдарыс кезеңіне себепкер болғандығы айтылады. Осы кезеңде қазақтар мекендеген аймақтарда орын алған екі ашаршылық апатын атап көрсетеді. 1917-1920 жылдары ашаршылық ресейлік Түркістан аймағында, ал 1920-1921 жылдары Еділ мен Жайық алқаптарын аштық жайлап алғандығын жазады [2, Б.49]. Соңғы ашаршылық негізінен Ресейдің еуропалық бөлігінде өрістегенімен қазақтардың маусымдық жайылымдары саналатын Орынбор және Астрахан облыстарын да қамтыған. Екі ашаршылық та саяси толқулармен қатар орын алғандығына 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің жаппай қыру-жоюға, 1917 жылдың ақпанындағы төңкерістің

1918 жылы азамат соғысына ұласуымен байланыстырады.

«Екі ашаршылыққа да қарулы жасақтардың күшпен жүргізген астық тәркілеулері басты себеп болғандығын» айта келіп, автор қай жағдайда да бұл саясаттың зардаптардың табиғи апаттармен, яғни, Түркістандағы жұт және қуаңшылықпен, Еділ бойындағы 1920-1921 жылдардағы құрғақшылықтың ықпалымен күшейе түскендігін жазады. Осы екі жағдайдағы көрініс берген заңдылықтар 1930-1933 жылдары Қазақ Ашаршылығы кезінде белгілі бір деңгейде қайталанатын деген тұжырымға тоқталады.

Шетелдік авторымыз Қазақстандағы ауа көшу мәселесіне де айқындық беруге тырысады. Ол қолда бар деректерге сүйеніп, «1916 жылғы көтеріліс кезіндегі аласапыранда 300 мыңнан астам көшпенділер Қытайға қашып, олардың көбі жолда қырылып қалды. Ашаршылық, зорлық-зомбылық пен босқындық салдарынан ресейлік Түркістан халқының саны 1916 жылдан 1920 жылға дейін 2 миллионнан астам адамға азайды. Бұл дағдарыста Түркістанның көшпелі тұрғындарының мал басы 63% кеміді [2, Б.50]. 1914-1924 жылдардағы дағдарыс, әсіресе қазақтардың маусымдық көш жолдарының жабылуы және мал басының қырылуы кейбір қазақтардың қоныстануына, ал кейбірінің көшпенділігінің төмендеуіне себеп болды. Жалпы, осындай үрдістер алғашқы қоныстанушылар кезінде басталған қазақтардың отырықшылыққа бет бұруының жедел қарқынмен іске асуына әсер етті [2, Б.50] деген тұжырым жасайды.

Сара Камерон Қазақ Ашаршылығын ұымдастырудың саяси-теориялық концепциясының қалай жасалғандығына да нақтылық береді. Бұл тұжырым отандық тарихшылардың арасында кеңінен таныла қоймағандығын айтуымыз керек. Голощекиннің Қазақ Өлкелік Комитетіне келгеннен соң Сталинге Қазақстанда «Кіші Қазан» төңкерісін жасау жөнінде өз бағдарламасын ұсынып, қолдауға ие болғаны белгілі. Дегенмен, осы бағдарламаға сай жүргізілген жер реформасы саяси тиімділік бермегендіктен, яғни дәстүрлі рулық қатынастардың іргесін шайқалта алмағандықтан да «партия сарапшылары қазақтарды маркстік-лениндік ілімінің көмегімен микроскоппен қарағандай зерттей бастады» [2, Б.78]. Осындай ізденіс барысында голощекиндік сарапшылар Мәскеуде Георгий Плеханов атындағы халық шаруашылығы институтында оқыған Ғаббас Тоғжановтың (1900-1938) «Қазақ ауылының отарлануы» (1927) деген еңбегіндегі тұжырымдарды басшылыққа алған. Тоғжанов

қазақтардың «Шонжар-сұлтандардың», негізінен киелілігі арқылы анықталатын топтың және феодализмі негізінен жер меншігінің монополиясына емес, мал меншігінің монополиясына негізделген деп жазған еді. Тоғжановтың тұжырымдары Голощекин іздеген сұраққа «жауап» тауып берді: белді ру-тайпалардың ықпалын жою үшін партия «дәулетті» көшпелілерді жерлерінен емес, олардың малынан айыруы тиіс еді. Осы теориялық концепция идеологиялық негіздемеге алынып, 1928 жылы жүргізілген кәмпеске науқаны кезінде өз тиімділігін дәлелдеп берді. Қазақстандық кейбір тарихшылардың Мәскеудің белгілі бір этникалық топтарға жасаған қастандығын көбінесе «орыстар» немесе «Мәскеуден келген шенеуніктер» жасаған деген пайымдауына кәмпеске науқанының ерекше деструктивті (жойқын) сипаты оның негізінен бөтен адамдардың қолымен емес, керісінше, өз адамдарының қолымен жүргізілгендігінен болды [2, Б.84] деген тұжырым ұсынады.

Зерттеушінің назарына іліккен мәселелердің бірі – Қазақстанда кеңестік биліктің жүргізген ауылшаруашылық реформаларының балама нұсқасын іздестіру еді. С.Садуақасовтың «жаңа құрылған елді мекендерде қазақтар мал шаруашылығымен де айналыса алады», «егін шаруашылығы ғана мәдениетті өмір салтына жатады деген пікірді түзетуге асықты» [2, Б.73] деген сөздерін 1927 жылғы Республика партия ұйымының VI съезінде Швецов, Рыбников және Сириус сияқты көшпенді өмір салтын қорғаған мамандардың пікірлерімен сабақтастырады. Аталған мамандардың Республика ауылшаруашылық комиссариатының құрамынан шығарылып, қазақ «ұлтшылдарымен» одақтас болды деген айып тағылғандығын айта отырып [2, Б.75] ауылшаруашылығын апатсыз жолдармен іске асырудың баламалы нұсқасы болды деген тұжырымға тоқталады.

Сара Камерон еңбегінің қазақ тіліндегі аудармасы стильдік жағынан біршама жатық шыққандығына қарамастан аудармашылар кейбір ұғымдарды аударғанда калькалық тәсіл қолданғаны аңғарылады. Мысалы: «Asiatic Expedition» [1, P.33] деген сөз «Азия жорығы» деп аударылған. Осындағы «жорығы» деген сөз «саяхаты» деп аударылғанда, сол сияқты «sole animal» [1, P.31] дегенді «жануардың» [2, Б.38] орнына «түлік» деп аударғанда қазақы ұғымға түсінікті болар еді. Зерттеуде кейбір деректік ауытқушылықтар да орын алған. Мысалы, С. Қожановты «Алаш Орда газетінің бұрынғы редакторы» (дұрысы «Ақ жол» газеті),

«республиканың екінші партия хатшысы» [2, 92-93 бб.] (дұрысы республикалық партия ұйымының екінші хатшысы) деген сияқты жаңылыс ұғымдарға аудармада ескертпе, түсінік берілуі керек еді.

Шетелдік зерттеушілер негізінен ғылыми айналымдағы зерттеу нәтижелерінің (онда да тек орыстілді зерттеулер) деректері мен тұжырымдарын пайдаланып келсе, Сара Камерон да осы бағытты ұстанған. Тақырыпты барынша объективті талдаған ашаршылықтың қазақтілді тарихнамасының деректері мен тұжырымдары оның да зерттеу нысанынан тыс қалған. Соңғы жылдары жарық көрген ашаршылық тақырыбындағы көптомдық құжаттар жинағы жаңа зерттеулерге жол ашады.

Қорытынды ретінде айтарымыз, Сара Камеронның зерттеуі Отан тарихының мәселелеріне

бейтарап көзқарас деп бағалағанымыз жөн. Отан тарихының мәселелерін отандық тарихшылар жан-жақты зерттеп келеді дегенмен бұл мәселедегі Сара Камерон еңбегінің басты жетістігі отандық тарихымызды бейтарап көзқараспен бағалап, оны әлемдік құбылыстармен ұштастыруында болса керек. Осы тұрғыдан алып қарағанда аталған зерттеудің мәселеге методологиялық тұжырымдар ұсынуы ұлттық тарихи танымға жаңалық қоса алатын еңбек деп бағалаймыз.

1. The Hungry steppe: Famine, Violence and the Making of Soviet Kazakstan, by Sarah Cameron originally published by Cornell University press 2018.

2. Сара Камерон «Аштық жайлаған дала» Ашаршылық, Озбырлық және Кеңестік Қазақстанды орнату. Print House Geona баспаханасында басылған 2020. Ағылшын тілінен аударған Сәуле Батаева, Зәуре Батаева.